

УДК 340.128

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТТІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Төлебаев Бақтияр Мұратұлы

muxametnur@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Заң факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Қазіргі жаһандану кезінде әлемде ғылым мен білімді дамыту басты орында тұр. Себебі, ғылым мен білімнің дамуынсыз елдің экономикасы да, әлеуметтік жақтары да төменгі дәрежеде бағаланады. Сол себептен, әрбір ел өзінің экономикалық дәрежесіне сай қолайлы таңдап алынған және әртүрлі критерийлерге сәйкес келетін білім жүйесін ұстанады. Сол елдердің бірі – Қазақстан. Ол экономикалық тұрғыдан қарастырғанда, дамушы ел болып есептелгендіктен, ондағы білім жүйесі басқа дамушы және артта қалған елдермен салыстырғанда өркендеуде екені байқалады. Бірақ, оған қарамастан бәсекеге төтеп беру мақсатында көптеген білім жүйесіне өзгерістер енгізілінді. Онда біздің елімізге сай келетін, студенттер үшін әртүрлі әсер ететін (тиімді және тиімсіз) білім жүйесі ұсынылды. Біздің еліміз осы уақытқа дейін көптеген сан-алуан білім жүйесін қолданып, дамыған елдердің программаларын (оң тұстарын) мемлекеттің білім жүйесіне енгізді. Осы уақыт аралығында көптеген білім жүйесінде өзгерістер болды, ондағы университет түрлері бойынша, ұлттық, мемлекеттік және жеке болып және оқу жүйесінің еркіндігі бойынша автономиялы және мемлекет қарамағындағы болып бөлінеді. Білімдік жүйе бойынша «Болондық» үлгісі 2010 жылы ұйымдастырылып, жоғарғы білімнің үш жүйесі қабылданды [1, 78 бет].

Америка Құрама Штаттарында 85-90 пайызға жуық жоғарғы оқу орындары жекешелендірілген. Бұл жүйені қолдану барысында Америкалық университеттер өздерінің рейтингін жоғарлату барысында жоғарғы дәрежеде жұмыс жасауда. Оларға Гарвард, MIT, Стэнфорд және тағы басқа әлемдегі дамыған, тізімдегі бірінші топта орналасқан атаулы университеттер кіреді. Ол тізім бойынша АҚШ, Ұлыбритания және Германия бастапқы үш орындарды алып тұр. Ондағы біздің елмен шекаралас және дамуы жағынан дамушы елге жататын – Қытай төртінші орынды алып тұр [2]. Оның ерекшелігі біздің ұстанып отырған

«Болондық» процесс ол дамыған елдерде қолданғанымен, автономиялы университеттердің саны мардымсыз болып келеді. Сонымен қатар, оларда мектептегі оқу ұзақтығы мен жүйесінің өзгеше келеді. Себебі, баланың білім жағынан дамуы ең бірінші қарапайым балабақшада басталып, одан соң мектепте қалғастыратындықтан, осындағы жоғарғы оқуға дейінгі оқудағы студенттің оқу үлгерілімі қарастырылады. Сондықтан да, ең бірінші оқу жүйесінде балабақшадан бастап, жоғарғы оқуға түсу алдындағы жүйеге өзгерістер енгізілуі қажет.

ЖОО-ның білім жүйесін салыстыратын болсақ, онда екі түрлі білім жүйесі қолданылады. Олар: ТМД мен АҚШ-тың білім беру жүйелері. Олар әртүрлі оқу орындарында қолданылады. Автономиялы оқу орындарында Американдық жүйе қолданылса, мемлекеттік оқу орындарында ТМД-ның оқу жүйесін қолданылады. Қарапайым мысал ретінде – Назарбаев университеті мен басқа университет түрлерін (ұлттық, мемлекеттік, жеке) салыстыруға болады. Назарбаев университеті – автономиялы және қалған университеттер – мемлекеттің қабылданған жүйелері бойынша оқытылады. Сондықтан да, Назарбаев университеті – Американдық жүйе бойынша, ал қалған университеттер – ТМД-ның жүйесімен оқиды. Ал американдық студенттер үшін тиімді бағдарлама болғандықтан, осы жүйемен Назарбаев Университетін бітіруші түлектер жоғарғы дәрежеде жұмысқа тұруда. Оған мысал ретінде – Рауан Сагидулла (Бас бизнесті дамыту басқармасының маманы), Айгерим Халелова (Бизнесті дамыту бойынша менеджер) мамандықтары бойынша жұмыс атқаруда. Кадиша Даированың (Студенттік мәселелер жөніндегі және Халықаралық ынтымақтастық Назарбаев Университетінің вице-президенті) айтуы бойынша, ЖОО-ның бітіре салысымен (шамамен 10 күннің ішінде) үш түлектің бірін жоғарғы дәрежелі жұмыс орындарына шақыртылған және олар өз бітірген мамандық сферасында дерлік 600 студенттің 95 пайызы жұмыс тәжірбиесіз жұмысқа тұра алады [3]. Енді оны кез келген ұлттық университетпен салыстырылса, басқа ЖОО-ында бітіруші түлектердің дерлік барлығы тәжірбиеден өтіп қана жұмысын жасайды және олардың мамандық бойынша жұмыс жасау дәрежесі төмен.

Бұл мемлекет ішіндегі бағдарламалардың салыстырылуы болса, ал мемлекет сыртындағы салыстырулар да көптеген айырмашылықтар кездеседі. Мысалға, Қытайда да «Болондық жүйе» қолданылады. Бірақ білім беру деңгейі жоғары болғандықтан, онда 450-ден астам елдерден келіп оқиды. Шет елден келген студенттер бастапқы курста бір жыл тіл курсы оқып, бакалавриатты бітірген соң 1-2 жыл аралығында ғылыми жобамен айналысуға жол ашылады. Ал қарапайым мектеп бітірушілерді тоғызыншы сыныптан кейін техникалық (4 жыл) және кәсіби (3 жыл) білім беруді қолдайды. Техникалық оқытуда студент кез келген елге тапшы және көп сұранысқа ие мамандық түрін таңдап, сол сферада төрт жыл бойы оқиды. Ал осы жылды тәмамдаған соң, кәсіптік оқу орнында үш жыл бойы оқып, осы жеті жылды бітірген студенттер жұмысқа қабылданады [3]. Осы кәсіптік бағдарлама бойынша мемлекет үшін қажетті мамандықтар кәсіптік оқу орнында оқытылып, одан соң сол мамандықпен жұмыс жасауға болады. Бұл жүйе бойынша кәсіптік білім беру біздің студенттер үшін тиімді. Себебі, Қазақстанда жоғарғы оқу орнына түсу барысында жеткілікті балл жинаған студенттер тегін білім алып, мемлекет ішінде кез келген таңдаған мамандық түрімен айналыса алады. Қытайдың да, Қазақстанның да негізгі мақсаты – икемді және бәсекелестікке төзімді жұмыскер дайындау болып табылғандықтан осы жүйені қолданады.

Біздің елімізде студенттерді ынталандыру барысында мемлекет тарапынан студенттерге белгілі бір жоба (бағдарламалар) бойынша көмектесуде. Олар – «Серпін», «Болашақ», «Дипломмен ауылға» бағдарламалары. Үкімет жастарды қолдау мақсатында «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» бағдарламасы бойынша студенттерге мамандар тапшы мамандықтарды игеріп, жоғарғы табыс табуға жол ашты. Мұрат Абдуламтитұлының айтушы бойынша, қазіргі кезде көптеген жұмыс орындары ашылып, бірақ сол орындарға жұмыс күші аз дәрежеде жұмыс атқаруда. Сондықтан да, жас студенттеріміз жұмыс бар жерге бару керектігін ескертті. Мысалға, оңтүстік территорияларында жұмыссыздық деңгейі жоғарғы дәрежеде болғандықтан, көптеген адамдар қолында дипломдары болғанымен мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды. Соның барысында, сұраныстар жоғарғы дәрежеде болып, онда гранттар аз бөлінеді. Ал керісінше, еліміздің кейбір өңірлерінде кадрлар тапшы болғандықтан,

оны теңестіру барысында кадрлар саны көп жерден аз жерге қоныстандыруды жөн көріп, осы «Серпін-2020» бағдарламасы ұйымдастырылды. Осы бағдарлама бойынша, 2014 жылдың өзінде 2050 грант бөлінді. Бұл белгілі бір жағдаймен төменгі деңгейі дәрежеде 50 балл жинаған оңтүстік студенттері (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үшін өте тиімді бағдарлама болып табылады [4]. Бұл бағдарламаның мемлекет үшін де, студент үшін де маңызы зор болып табылады.

Мемлекетіміз бәсекелестікке төтеп беру мақсатында білімді әрі білікті студенттерді дайындауды көздеп, кадрлардың сапасын арттыру мақсатында «Болашақ» бағдарламасымен студенттерді шет елден білім алып, тәжірбие жинақтауға жібереді. Бұл бағдарлама қабылданғаннан кейінгі бастапқы он жылдың ішінде 800-ге жуық Қазақстандық студенттер білім алып, қазіргі кезде мемлекетіміздің дамуына зор үлес қосуда [5]. Бұл бағдарламамен оқу үшін белгілі бір критерийлерге сай келіп, оқып бітіргеннен кейін Қазақстанға келіп жұмыс жасауы міндетті. Себебі, біздің мемлекет атынан ақша бөлініп отырғандықтан, бітіруші түлектер басқа елдің дамуына емес, ең бірінші өзінің елінің дамуына үлес қосуы тиіс. Мысалға, биотехнология сферасымен бітіріп келушілердің дерлік барлығы жоғарғы дәрежелі жұмыс орындарында жұмыс атқаруда. Сондықтан да, еліміз даму дәрежесі салыстырмалы түрде жоғарғы мемлекеттерден тәжірбие жинақтап, осы сфераның өз еліміздің дамуын қолға алуымыз қажет.

Қазақстанда тек қана білім жүйесімен алмасып қана келу емес, сонымен қатар, жас бітіруші түлектерді де жұмыспен қамту мәселелерін қарау және кадр тапшы жерді кадрмен қамту мақсатында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы ұйымдастырылды. Бұл бағдарлама жастарды ынталандыру барысында студенттерге жоғарғы жалақы мен үймен қамтамасыз ету үшін 0.01 пайыздық мөлшерде несие береді. 2016 жылдың өзінде 303 дипломы бар жұмыскелер (жас мамандар) ауылға келіп сегіз сала бойынша жұмыс жасап, баспанамен қамтылып, сол ауылдардың дамуына үлес қосуда [6]. Бұл бағдарлама дипломы бар, өзіне қажетті жұмыс орнын таба алмай, баспанасы жоқ жас отбасы мен мамандар үшін өте тиімді бағдарлама болып табылады.

Келесі оқу түрі – қашықтықтан оқыту жүйесі. Ол Қазақстандағы қыздар педагогикалық университетінде 2012 жылдан бері бастау алған оқыту түрі болып табылады. Бұл оқыту түрін мүмкіндігі шектеулі және шетелде тәжірбие алмасып жатқан студенттер қолданылады. Бұл оқу түрі жаңа заманға сай технологиялар көмегімен жоғарғы дәрежеге сай білім қабылдай алады. Жұмыспен айналысып жатырған жұмыскерлер үшін тәжірбие мен квалификациясын жоғарлату мақсатында қолдануға өте тиімді жүйе болып табылады [7].

ЖОО-ның дамуы барысында тек қана оның ұстанып отырған жүйесі ғана емес, сонымен қатар, оның жабдықталып отырған технологиялары мен ондағы студенттерді оқыту ісімен айналысатын мұғалімдердің сапасы да маңызды рөл атқарады. Мысалы, әлемдік рейтингте үшінші орында алатын «Кембридж» университеті. Университет ішіндегі білімнің дамуы тікелей мұғалімдерге байланысты болғандықтан, аталмыш ЖОО өз рейтингін жоғарлату мақсатында, университетке ең білікті профессорлардың сабақ беру деңгейін арттыруды болашақта көздейді, және мұндағы білімнің дамуы тікелей мұғалімдерге байланысты екендігін жасырмайды [8].

Технологиялық бағытты жоғарлату барысында ЖОО-нда жоғарғы дәрежеде жұмыс жасайтын, барлық ғылыми жобалар мен қажетті эксперименттермен айналысу мақсатында арнайы лабораториялар мен ғылыми орталықтардың болғаны әрбір ғылыми жобалармен айналысатын студенттер үшін маңыздылығы жоғары болып табылғандықтан, университет жанынан осындай орталықтардың болуы шарт. Себебі, ондағы студенттер тек білімді теориялық тұрғыда сіңірмей, оны практикалық тұрғыда пайдаланып, арнайы лабораторияларда жеткілікті дәрежеде жұмыс жасайтын маман ретінде баруға және оқуды бітірген соң, ғылыми саланы бітірген студенттер тек өздерінің мамандықтары бойынша жұмыс жасап, Қазақстанның білім деңгейін ғылыми тұрғыдан көтеріп, Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық тұрғыда дамуына жол ашылады. Осындай ғылыми орталығы бар ЖОО-ның бірі – КазГЮИУ болып табылады. Онда төрт бағыт бойынша ғылыми-зерттеу

орталықтары бар. Олар: «Алаштану», «Азаматтық құқықтың өзекті мәселелері», Инновациялық қызмет пен Экономикалық зерттеулердің ғылыми-зерттеу орталықтары және студенттердің дамуына қажетті жабдықтармен қамтылған. Бұл әрбір студенттің сапалы білім алуына үлкен фактор болып есептелінеді. Университетте білімін шыңдап жоғарғы орындардан көрініп көрініп жүрген түлектер университеттің жоғарғы дәрежеде білім беріп, практикалық тұрғыда жоғарғы дәрежеде екендігіне көз жеткізе алады. Мысалға, Омаров Жаксылық Мукашулы – Алматы облысының әкімінің орынбасары, Бауыржанов Рымбек Бауыржанұлы – КазГЮИУ "Жастар саясаты орталығының" мамандары және басқа да жоғарғы саладағы мамандар болып табылады [9].

Қазақстанға ең тиімді жүйелердің бірі – Америкада жоғарғы дәрежеде қолданысқа ие «Gap year» жүйесі. Бірақ бұл жүйенің орындалуына АҚШ-та 30000 долларға жуық қаржы кетсе де біз бұл саясатты өзімізге шығын кететін жағын емес, пайдалы тұстарын білім жүйемізге енгізуіміз керек [10]. Ол жүйені мектеп бітірушілердің барлығы толығымен орындап, онда оқушылардың жан-жақты қасиеттерін сипаттау және студенттердің икемділігін білу мақсатында ұйымдастырылып, осы өткен жұмыс орындарында белгілі бір мамандық түрін таңдап, оны таңдағанда қателеспейді. Оның ұзақтылығын 1 жылдан 6 айға қысқартып, оқушы икемі бар 6 мамандық түрін таңдап (1 пән таңдау бойынша) әрқайсысында 1 айдан жұмыс жасап өзіне қажетті мамандық түрін табуға және мамандық түрінен қателеспегендігіне сенімді бола алады.

Жұмыс күшін сатып алу – Қазақстанда қолдануға болатын тиімді жүйелердің бірі. Осы бағытты қолдана отырып, студенттер тегін грантқа ие болып, белгілі бір шетелге барып тәжірбие жинақтауға жол ашылады. Бұл гранттың иегері болу үшін белгілі бір физико-химиялық тестілеуден жоғарғы ұпайға ие болса, одан соң сол ұсынылған шетелдің біреуін таңдап алып, сонда оқуға мүмкіндік алады. Бұл жағдайда «Адам капиталына» ие болған студент пен жұмыс беруші алдында келісім жүргізіп, оқу аяқталғаннан соң, сол орында белгілі бір мерзімге дейін жұмыс жасау қажет. Оған мысал, «Petrol Kazakhstan» және бұдан да өзге жоғарғы дәрежелі жұмыс орындары студенттерді ынталандырылады [11]. Сол жерде тәжірбие алмасып келген студент осы Қазақстанға келіп, сол сфераның дамуына жаңадан мүмкіндік ала алады. Бұл белгілі бір мерзім біткеннен соң, өзінің қалаған жұмыс орнында жоғарғы тәжірбиесі бар маман ретінде жоғарғы жалақыға ие бола алады. Бұл жүйе студент үшін де, жұмыс беруші жағынан алып қарастырсақ, өте тиімді жүйелердің бірі болып есептелінеді.

Қорытындылай келе, ЖОО-ндарындағы білім мен ғылымның дамуына көптеген факторлар әсер етеді. Олар – ғылым мен білім жүйесіндегі ұстанып отырған саясат заңдар мен ережелер, бағдарламалар, ынталандырулар, техникалық құрал-жабдықтар, ғылыми-зерттеу орталықтары және осы білім жүйесінің нәрімен сусындататын – жоғары білікті мұғалімдер. Мұғалімдердің сапасын жоғарландыру мақсатында олардың жалақыларын көбейтіп, санын азайтып, білікті мамандарды ғана мұғалімдікке қарай тартуымыз қажет. Сапасын арттыру барысында мұғалімдерге жыл сайын белгілі бір жүйе бойынша тестілеуден өткізіп, оны жыл сайын күрделендіру қажет. Себебі, олардың білім сапасы артқан сайын, студенттердің де білім деңгейі артады. Жүйе барысында сыбайлас жемқорлық кездеспес үшін тестілеуді электрондық жүйеге ауыстыруымыз керек. Осы тестілеуден өткен мұғалімдерді біліктілігіне қарай бір пәннен беретін барлық мұғалім ішінен бір мұғалімді жазғы демалыс кезінде шетелге бір айға жіберіп, тәжірбие жинақтауына көмектесу қажет. Бұл бір жағынан тәжірбие алмасып келсе, екінші жағынан басқа мұғалімдер үшін ынталандыру болып табылады. Сонымен қатар, олардың апта сайын «мұғалімдік кеңес» жиналысы болуы тиіс. Соның барысында, білікті мамандар отырған жоспарларын ыңғайлы уақытқа қойып, бәсекелестікке қарсы тұру мақсатында мұғалімдер жас-кәрілігіне қарамастан тәжірбие алмасатын болады. Жиналыс өтуіне байланысты мұғалімдер алдағы бір аптаға жоспар құрып, лекция мен практикадан бірдей тақырыпта өтетіндігін қадағалап, студенттердің дұрыс жүйеде келе жатқандығына назар аудара алады. Егер осы жоғарыда айтылған факторлар толықтай болса, онда кез-келген елдердің білім жүйесін жоғарлатуға болады. Бұл жоғарғы оқу орындарының көбісі көптеген критерийлерге сәйкес келе бермейтіндіктен, олардың жүйесіне өзгерістер енгізу керек.

Елбасымыз айтқандай «Барлық білім беру буынында сапалы ұлттық білім беруді жүзеге асыру» - біз үшін басты мақсат болып саналады [12]. Біз дамушы ел болғандықтан білім мен ғылым жүйелеріміз басқа дамыған елдермен салыстырғанда төменірек болып есептелгендіктен, дамыған елдердегі дамушы елдер үшін қолайлы бағдарламалар мен жүйелерді енгізуіміз керек. Олардың бірі – «Gap year» жүйесі. Біз үшін толыққанды қолайлы жоба болмағандықтан, оған қажетті жағдайда өзгерістер енгізуіміз қажет. Бірінші кезекте, автономиялы ЖОО-ның санын көбейтіп, онда ең жоғарғы дәрежелі мұғалімдерді іріктеуден өткізіп алуымыз қажет. Олар іріктеуден өтетіндіктен оған дайындалып, «Болондық» жүйе бойынша 1-12 ай аралығында оқып, квалификациясын жоғарлата алады. Екінші кезекте, студенттерге арналған жаңадан ғылыми орталықтар мен лабораторияларды салу қажет. Студенттер ешқандай құрал-жабдықтардың тапшылығынан жаңа жобаларды аша алмай немесе тәжірибе жасай алмай қалмауын қадағалау қажет. Үшінші кезекте, «Болашақ» бағдарламасы және академиялық ұтқырлықпен барып келуші студенттердің санын арттыру мақсатында басқа дамыған шет елдермен грант жайлы көптеген келісімдерге келу қажет. Осы факторларды қолданған жағдайда еліміздің ЖОО-ның білім жүйесі жоғарғы дәрежеге жетеді де еліміз бәсекелестікке қарсы тұрып, экономикалық және саяси бағытта дамудың жоғарғы дәрежесіне жетеді.

Аталған тақырыпты қарастыры келе біздің түйгеніміз, білім беру саласын басқаруды жаппай жеке меншікке беретін болсақ, онда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды он есе күшейту керек. Біздің елде қоғамдық бақылау институтының айтарлықтай кең көлемде жан-жақты дамымаған сала болғандықтан білім беру саласын қоғамдық институттар бақылап отырады деуге әлі өте ерте. Мемлекеттің білім беру саласын басқаруға байланысты ұстанып отырған саясатының ең соңғы нәтижесі ол білім беру ұйымдарын тек бақылап, қадағалап, лицензия мен әр түрлі рұқсат беру және сапасын тексеруді ғана өз өкілеттігіне қалдырып дербестік беру арқылы өзін өзі басқаруға жібермек. Біздің ойымызша, аталған жоспарды біртіндеп жүзеге асыру басталып та кетті.

Соңғы ұсыныс ретінде Қазақстандық білім беру қызметін ұйымдастыруды нақты нұсқаулықта бекіту арқылы көпшіліктің оқу процесіне деген оң көзқарасын қалыптастыру. Білім беру жүйелерінің сапасын халықаралық деңгейге көтеру. Білім беру ұйымдарының құзыреті мен қызметіне заңмен бекітілген шеңберде дербестік беру. Экономикалық талапқа сәйкес қоғамдық сұранысты, мемлекеттік сұранысты, халықаралық сұранысты жеке дара тәуелсіз қанағаттандыруға мүмкіндік беретін білім беру жүйесін қалыптастыру біздің мақсатымызбен миздетіміз болмақ. Еліміз өзінің алдыны үлкен мақсат қойып отыр, алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдің қатарына ену деген. Ол үшін біздің ойымызша, осы білім беру жүйесінен бастап білім беру саласын мемлекеттік басқару мен жеке дара басқару аясын нақты айқын ашық көрсететін заңды қабыдау арқылы оған қолжеткізе алатындығымызға сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дамитов Б.К. Жоғары білім туралы нормативтік құжаттар жинағы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.- А., 1996.-132 б.
2. Жуманова Д., Наурызбаев Е., Кадыржанов Б., Назарбаев Университетінің түлектері қайда жұмыс істейді, 23.06.2016 <http://24.kz/ru/news/social/item/126123-gde-rabotayut-vpuskniki-nazarbaev-университета>
3. Буенбай К., Қытайдың білім жүйесі дегеніміз не?, 01/14/2015, 14:15 http://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/24639/
4. Ақсақалов Ж., Жалғасова Г., «Сырбой» газеті, «СЕРПИИ-2050» бағдарламасы бойынша 2050 жылға арналған арнайы грант, 26.07.2014, <http://syrboyi.kz/akparat/3403-serpn-2050-badarlamasy-boyynsha-2050-бойынша-арнай-грант.html>.
5. Желдібай Р. «Болашақ» бағдарламасына қалай кірдім, 10.10.2014 http://gonzo.kz/blog/2606-bolashak_bagdarlamasyina_kalay_tystim

6. Төребек М. «Дипломмен ауылға» барғандарға не беріледі? 02.16.2016, 12:10 «Корреспондент» газеті <https://korrespondent.kz/index.php/ekonomika/item/634-diplommen-auyl-a-bar-andar-a-ne-beredi>

7. Бисенова Г. Қашықтықтан оқыту: білім берудегі жаңа технологиялардың бірі, 28.11.2014. <http://old.el.kz/blogs/entry/%D2%9A%D0%B0%D1%88%D1%8B%D2%9B%D1%>

8. Тайлер К. Зияткерліктің болашағы: Кембридж университеті АИ және адамзаттың болашағын зерттеудің жаңа орталығын ашады, 03.03.2015 [http://www.cam.ac.uk/research/жаңалықтар / болашақ-барлау-кембридж-университет-жаңа-орталық-оқуға-ай-және-болашақ-ашады](http://www.cam.ac.uk/research/жаңалықтар/)

9. Tengri News тілшісі Алматы облысының жаңа әкімін сайлады, 09.09.2016, https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-almatinskoy-oblasti-naznachen-novyiy-zamestitel-akima-305739/

10. Ходер Р. Неге орта мектеп оқушысы бір жылға баруы керек, 2014 ж., 05/14/2013 <http://time.com/97065/gap-year-college/>

11. Татьяна К. Шетелде оқитын қазақстандық студенттер: оқудың қандай пайдасы бар? 01-22-2016, <https://camonitor.kz/21022-obuchenie-kazahstanskih-studentov-za-rubezhom-kakaya-ot-etogo-polza>. HTML

12. Даупаева К. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Білім берудің барлық деңгейіне сапалы ұлттық білім беруді енгізу» атты Қазақстан халқына арнаған сөзі аясында, 2016. <http://www.zkoipk.kz/ru/b1/356-conf.html>.